

«Modern Trading Solutions» тауар биржасы АҚ қосарланған қарсы анонимді аукцион режимінде сауда-саттыққа рұқсат етілген тауар спецификациясына №1 қосымша

Тауар жеткізу бойынша Үлгілік келісім-шарт

_____ к.

« » _____ 20 жыл

ҰЙЫМ, бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын, _____, бір жағынан, және ҰЙЫМ, бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын, _____ (лауазымы) атынан әрекет етуші, екінші жағынан, бірлесе отырып, «Тараптар» деп аталып, биржалық мәміле №__ «Modern Trading Solutions» тауар биржасы АҚ-да екіжақты қарсы анонимді аукцион режимінде жасалған биржалық мәміле туралы есепті орындау үшін (бұдан әрі - биржалық мәміле туралы есеп) осы келісім-шартты жасасып, төмендегілерді ұйғарды:

1. ШАРТТЫҢ НЫСАНЫ

- 1.1. Сатушы Тауардың спецификациясына сәйкес тауарды жеткізуге, ал Сатып алушы оны қабылдап, төлеуге міндеттенеді. Бұл тауар бұдан әрі «Тауар» деп аталады, және ол биржалық мәміле есебі мен Тауар спецификациясының тәртібі мен шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 1.2. Тауардың көлемі мен жеткізу мерзімі биржалық мәміле есебімен анықталады, ал тауар Сатып алушының тиеуге берген өтінімінің негізінде жеткізіледі.
- 1.3. Тауарды жеткізу базисі осы келісім-шартқа қосымша ретінде биржалық мәміле есебімен анықталады.
- 1.4. Осы келісім-шарт бойынша жеткізілетін Тауар меншік құқығы бойынша Сатушыға тиесілі.

2. ЖЕТКІЗУ КӨЛЕМІН КЕЛІСУ

- 2.1. Сатушы тауарды Сатып алушының тиеуге берген өтінімінде көрсетілген реквизиттер бойынша жеткізеді. Бұл өтінім Сатып алушыдан Сатушыға факс немесе электрондық байланыс арқылы берілуі мүмкін. Өтінімде Сатып алушы жеткізу мерзімін, сол мерзімдегі жеткізу көлемін, тағайындалған станцияны, Жүкқабылдаушының реквизиттерін және теміржол жүкқұжаттарын толтыру үшін қажетті басқа да мәліметтерді көрсетеді.
- 2.2. Сатушы қабылдаған өтінім акцептеліп, тауарды Сатып алушыға тиеуге негіз болып табылады, ал Сатып алушы тауарды қабылдап, төлеуге міндеттенеді.
- 2.3. Егер Сатып алушыға Тауар жеткізілмеген жағдайда, Сатушы 30 күнтізбелік күн ішінде ақшалай қаражатты қайтаруды жүзеге асырады.

3. ТАУАРДЫ ТИЕУ

- 3.1. Жүкті тасымалдау үшін Сатушы үшінші тарапты (Жүк жөнелтушіні) тартуға құқылы. Бұл жағдайда теміржол түбіртектерінде қызметтік белгілерге арналған графада жіберілетін жүктің тиесілігі көрсетілуі тиіс.
- 3.2. Сатушы Сатып алушыға (егер Сатып алушы тарапынан мұқтаждық туындаса) Жүк тасымалдаушының тағайындалған станциясына алдыңғы күні жіберілген вагондардың нөмірлері мен әр вагондағы Тауардың салмағын хабарлайды.
- 3.3. Сатушының Тауарды тиеу бойынша міндеттемелерін орындаған сәті ретінде теміржол жүкқұжатында көрсетілген Жүк тасымалдаушының жүкті тасымалдауға қабылдау күні есептеледі.

4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ

- 4.1. Осы келісім-шарт бойынша Тауарды жеткізу тиеу станциясынан тағайындалған станцияға дейін теміржол көлігімен, вагондарда төкпе немесе қапталған күйде жүзеге асырылады, бұл Тауар спецификациясында анықталғандай орындалады. Ең төменгі тиеу нормасы – вагон. Жеткізу Инкотермс 2010 талаптарына сәйкес Тауар спецификациясына сай жүзеге асырылады.
- 4.2. Тауарды жеткізу Тараптармен келісілген және ресімделген өтінімдерге сәйкес жүзеге асырылады.
- 4.3. Сатып алушының келісімімен тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге рұқсат етіледі.
- 4.4. Тауарды жеткізу кезінде Тараптармен келісілген шарттағы тауардың мөлшерінен техникалық спецификацияда көрсетілген толеранс шегінде ауытқуға жол беріледі. Партия көлемінен асатын Тауар келесі жеткізілімдердің есебіне жатқызылады және келесі партия үшін төлеммен бірге Сатып алушы тарапынан төленеді.

5. ТАУАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ

- 5.1. Тауарды тасымалдау техникалық тұрғыдан жарамды және қолайлы көлік құралдарында жүзеге асырылады. Сатып алушы тауарды уақытылы түсіріп, теміржол вагондарын Қазақстан Республикасы жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес қайтаруды қамтамасыз етеді.

6. ТАУАРДЫ САНЫ МЕН САПАСЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ

- 6.1. Осы келісім-шарт бойынша жеткізілетін тауардың сапасы Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттарға сәйкес келуі керек, сәйкестік сертификаттарымен, сертификаттау сынақтарының хаттамасымен және қажетті басқа да құжаттармен расталуы тиіс.
- 6.2. Тауарды қабылдау Сатып алушы немесе оның уәкілетті өкілдерімен осы келісім-шарт шарттарына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 682 қаулысымен бекітілген теміржол көлігімен жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6.3. Сатып алушы стандартқа сәйкес келмейтін Тауар келгеннен кейін 24 сағат ішінде Сатушыны жеткізілген Тауар сапасына қатысты кез келген талаптар туралы хабардар етеді. Бұл ретте Сатушы талаптарды шешу үшін өз өкілінің бару қажеттілігін анықтайды және талапты алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Сатып алушыға өз шешімі туралы хабарлайды.

6.4. Жеткізілген Тауардың сапасы сәйкес келмеген жағдайда, ол Сатушының өкілі келгенге дейін жауапты сақтау қоймасына қабылданады.

6.5. Сатып алушы Сатушының өкілін екіжақты қабылдау Актісін жасау үшін шақырмаса, тиелген Тауар барлық талаптарға сәйкес келеді деп саналады.

6.6. Сатып алушы талап қойған Тауар партиясын немесе оның бір бөлігін Сатушының өкілі келгенге дейін пайдаланған жағдайда, қалған Тауар осы партияның немесе оның бір бөлігінің жарамсыздығы ретінде қарастырылмайды.

6.7. Сатушының өкілін негізсіз шақырған жағдайда, Сатып алушы Сатушыға өкілдің сапар шығындарын (іссапар шығындары, көлік шығындары және т.б.) өтеуі тиіс.

6.8. Сатып алушы тауардың сапа талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Сатушыдан Тауардың бағасын төмендетуді талап етуге құқылы.

6.9. Қабылданған тауардың салмағын анықтау табиғи кему нормалары мен салмақты анықтау дәлдігінің нормаларын ескере отырып Сатып алушымен жүзеге асырылады.

Жеткізілген тауардың санын тексеру межелі станцияда әр вагонды өлшеу арқылы жүзеге асырылады.

Тауардың жетіспеушілігін анықтаған жағдайда Сатушының өкілін жазбаша шақыру міндетті болып табылады. Бұл ретте Сатушының өкілін жазбаша шақыру тауардың жетіспеушілігі анықталған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірілмей жіберілуі тиіс. Сатушы шақыру алған сәттен бастап 24 сағат ішінде өкілінің тауар санын тексеруге қатысуы туралы Сатып алушыға хабарлауы керек. Белгіленген мерзімде шақыруға жауап алынбаған жағдайда немесе Сатушының өкілдері белгіленген мерзімде келмеген жағдайда, тауардың жетіспеушілігі туралы акт Сатып алушы және теміржол өкілдерінің қатысуымен жасалады.

Егер Сатушы техникалық жүктеме/артық жүктеме немесе басқа да себептермен Сатып алушы төлеген көлемге сай келмейтін тауар көлемін тиіп жіберсе, келесі салдары орнатылады:

1) Сатушы техникалық жүктеме себебінен Тауардың аз мөлшерін жеткізген жағдайда, Сатып алушының жазбаша талабы бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде тауардың жеткізілген және төленген көлемі арасындағы айырманы қайтаруды жүзеге асырады,

2) Егер Сатушы техникалық артық жүктеме себебінен артық мөлшерде Тауар жеткізсе, онда ол жеткізілген және төленген тауар көлемі арасындағы айырма бойынша Сатып алушыға шот ұсына алады.

6.10. Тауардың жетіспеушілігі немесе сапасына сәйкессіздігі туралы талаптар тиісті акт жасалған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс. Бұл мерзімді бұзу жағдайында талаптар қарастырылмайды.

7. БАҒА ЖӘНЕ ЕСЕПТЕСУ ТӘРТІБІ

7.1. Тауардың бағасы биржалық мәміле туралы есеппен анықталады.

7.2. Тараптар тауарды жеткізу және оны факсимильді немесе электронды көшірмелер арқылы төлеу мүмкіндігі туралы келісімге келді, бұл міндетті түрде түпнұсқаларды кейіннен ұсынуды талап етеді.

7.3. Сатып алушы тауар үшін төлемді Тауар спецификациясында көрсетілген мерзімде және шарттарда Сатушының есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

7.3.1. Егер есеп айырысулар биржаның Клиринг орталығы арқылы жүзеге асырылса, «Қазақстандық Клиринг Орталығы» ЖШС, Сатып алушы Тауар спецификациясымен анықталған шарттарға сәйкес, Клиринг орталығының шотына төлемді келісімшартта көрсетілген реквизиттер бойынша аударыды. Клиринг орталығы Тауардың құнын Сатушының банктік шотына Тауар спецификациясы мен Клиринг регламентінде белгіленген шарттар, мерзімдер және тәртіп бойынша аударыды.

7.4. Төлем күні ретінде ақшаның Сатушының есеп айырысу шотына түскен күні есептеледі.

7.5. Соңғы есеп айырысу өзара есеп айырысу актісіне Тараптар қол қойғаннан кейін 5 (Бес) банктік күн ішінде жүзеге асырылады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

8.1. Тараптар осы келісім-шартқа қатысты ақпаратты құпия сақтауға және оны үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

8.2.1. Келісім-шарт бойынша төлем шарттарын бұзған жағдайда, мәміле Тараптарының бірі – Сатып алушы өз міндеттемелерін орындамағаны үшін адал емес Тарап болып танылады. Клиринг орталығы Клиринг регламентімен анықталған мерзімде мәміле Тараптары – Сатушыны бұл туралы хабардар етеді және залал шеккен Тарапқа айыппұл ретінде адал емес Тараптың кепілдік қамтамасыз ету сомасын аударыды. Бұл жағдайда Тараптардың мәміле бойынша міндеттемелері тоқтатылады, бұл келісім-шартты жоюға негіз болып табылады.

8.2.2. Егер осы келісім-шарт бойынша Сатушы Сатып алушыға толық жеткізуден бас тартса (жеткізбесе), Клиринг орталығы Сатып алушыға Сатушыдан ұсталған кепілдік қамтамасыз етуді жеткізілмеген тауардың көлеміне пропорционалды түрде аударыды, мәміле қалған бөлігінде тоқтатылады, ал келісімшарт жойылады – тауардың жеткізілмеген бөлігіне алдын ала төленген сома (Клиринг орталығы арқылы есеп айырысулар болған жағдайда) Клиринг орталығы арқылы Сатып алушыға қайтарылады.

8.3. Осы келісім-шартта қарастырылмаған бөлігінде Тараптар келісім-шартты орындамағаны немесе тиісінше

орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.4. Осы келісім-шартты жасасуға, орындауға немесе тоқтатуға байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптармен талап қою тәртібімен шешіледі.

8.5. Талап алған Тарап оны қарап, алған күннен бастап 20 (Жиырма) күнтізбелік күн ішінде жауап беруі керек. Талаптар тапсырысты хатпен, адресатқа жіберілген пошта хабарламасын растау арқылы жіберіледі.

8.6. Келісім-шарттан туындайтын немесе оған байланысты, оның ішінде оның жарамдылығы, жасалуы, орындалуы, өзгертілуі және тоқтатылуы туралы кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер Тұрақты биржалық арбитражда түпкілікті шешіледі.

8.7. Айыппұлды төлеу Тараптарды осы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9. ФОРС-МАЖОРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

9.1. Тараптар осы келісім-шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер аталған міндеттемелерді орындамау форс-мажорлық жағдайлардың (еңсерілмейтін күш жағдайлары) салдары болса.

9.2. Осы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі жағдайында Тараптардың бірі басқа Тарапты осы жағдайлардың басталуы және олардың ұзақтығы туралы, құзыретті мемлекеттік органның анықтамасымен расталған жағдайда, 10 (Он) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті.

9.3. Форс-мажор жағдайлары деп осы келісім-шарт жасалғаннан кейін Тараптар үшін еңсерілмейтін және қайтарылмайтын төтенше оқиғалар нәтижесінде пайда болған жағдайлар түсініледі, мысалы: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, соғыс және әскери әрекеттер, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының осы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындауды шектейтін актілерді қабылдауы.

9.4. Форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайда, осы шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындау осы жағдайлар әрекет еткен уақытқа кейінге қалдырылады. Егер аталған жағдайлар 2 (Екі) айдан астам уақытқа созылатын болса, Тараптар нақты орындалған міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысуларды жүргізе отырып, осы келісім-шартты бұзу туралы келісе алады.

10. БАСҚА ШАРТТАР

10.1. Осы келісім-шарт екі түпнұсқа данадан тұрады, олардың әрқайсысы бірдей заңды күшке ие және әрбір Тарапта бір данадан болады. Егер өзара есеп айырысу Клиринг орталығы арқылы жүзеге асырылатын болса, Тараптар бірдей заңды күшке ие үш дана жасайды: әр Тарапқа бір-бір дана және бір данасы Клиринг орталығына беріледі.

10.2. Осы келісім-шарт биржалық мәміле жасалған сәттен бастап күшіне енеді және 20__ ж. «__» дейін әрекет етеді. Осы келісімшарт Тараптардың жазбаша келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

10.3. Төлем есеп айырысу құжаттарын толтырғанда келісімшарт нөміріне сілтеме жасау міндетті.

10.4. Осы келісім-шартта көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

10.5. Осы келісімшартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар тек жазбаша түрде жасалып, екі Тараптың уәкілетті өкілдерімен қол қойылған жағдайда ғана жарамды.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ, БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ

«Сатушы»

«Сатып алушы»

Мекен-жайы _____

Мекен-жайы _____

БСН _____

БСН _____

ЖСҚ _____

ЖСҚ _____

БАНҚ _____

БАНҚ _____

БСК _____

БСК _____